

Тоқмансай орта мектебі бойынша  
Қамқоршылық кеңесі отырысының  
№4 ХАТТАМАСЫ

Қайнар ауылы

15.03.2024 ж

**Қамқоршылық кеңес мүшелері:**

1. Алдашев Р.Ж - қамқоршылық кеңес төрағасы
2. Ақбергенов С.Ғ - қамқоршылық кеңес мүшесі
3. Айжарикова Н.Б - қамқоршылық кеңес мүшесі
4. Сарыжданов Ш - қамқоршылық кеңес мүшесі
5. Тулепов А.М - қамқоршылық кеңес мүшесі
6. Курманалина Н - қамқоршылық кеңес мүшесі
7. Нұрмағамбетова Б - қамқоршылық кеңес мүшесі
8. Нурмағанбетова С.Б. - қамқоршылық кеңес мүшесі
9. Джамиева К. - қамқоршылық кеңес мүшесі

**Қатысқандар:**

Мектеп директоры: А.Т.Карасаева

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары – Ескельдина А.А.

Әлеуметтік педагог: Амирбаева Г.Б.

**Күн тәртібінде:**

1. 2023-2024 оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасы туралы.
2. Мектептегі тамақтану барысы.

1. Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Т.Карасаева сөз сөйледі.

Биылғы оқу жылында мектеп формасына қойылатын талаптар қатаң түрде қадағаланып отырылды, мектеп оқушылары талапқа сай мектеп формасымен қамтылды, қолданыстағы 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрық басшылыққа алынады. Жалпы мектебімізде мектеп формасы талапқа сай сақталған.

Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға рұқсат етілмейді және жаракаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар киюге тыйым салынады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Алдашев Р сөз сөйледі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен

тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес мектептің белгілі бір санаттарындағы білім алушылары жазғы демалыспен және тегін ыстық тамақпен қамтылатын еді.

Биылғы жаңа 2023-24 оқу жылында 1-4 класс оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылатын болады. Сонымен қатар төрт отбасына тоғыз оқушы, оның ішінде бір оқушы I категориямен ал қалған 3 отбасынан сегіз оқушы II категория бойынша қаржылай көмек алды.

*Сөйлегендер: Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары: Ескельдина А.А.*

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қаулысының 2 – тарауының 3 тармағына сәйкес қаулыда көрсетілген санат балаларына 40415 мың теңге көлемінде қаржылай көмек беру ұсынылады. Осы қаржылай көмекті алу бойынша ата-аналарға түсіндірме жұмысы жүргізілді. Көптеген ата-аналар құжат тапсырды. Нәтижесінде жоғарыда айтылғандай бір отбасы атаулы әлеуметтік көмек алуға өтіп ондағы бір оқушы I категория бойынша ал қалған 8 оқушы II категория бойынша қаржылай көмек алуға құқылы. Барлық құжаттарын жинақтап тапсырды. Қазіргі таңда қаржылай көмекке берілген ақшаға балаларына киім-кешек оқу құралдарын алып береді. Фото есебін және квитанцияларын тапсырады. Сонымен қатар Тоқмансай ауылынан көшіп келген бір отбасынан екі оқушы I категория бойынша тізімге қосылып отыр. Барлығы 11 оқушы қаржылай көмек алады. Яғни биылғы оқу жылында мектепте 1-4 класс оқушылары мен қатар осы қаржылай көмек алған отбасы балалары да тегін ыстық тамақпен қамтылады.

Қамқоршылық кеңесінің шешімі: .

1. Белгіленген мектеп формасы қатаң сақталсын

2. Мектепте тегін берілетін ыстық тамақтану бойынша  
жұмыстар жалғасын тапсын

Кеңес төрағасы:

Алдашев Р.Ж

Кеңес хатшысы:

Ескельдина А.А.